

Жамбыл облысы әкімдігі қаржы басқармасының 2021 жылдың II жартыжылдығына және 2022 жылдың I жартыжылдығына сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижелері бойынша талдамалық анықтама

Тараз қаласы

2022 жыл тамыз

Жамбыл облысы әкімдігінің қаржы басқармасында (бұдан әрі басқарма) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың ішкі талдауы «Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы №802 Жарлығына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қағидаларын бекіту туралы» №12 бұйрығына, Жамбыл облысы әкімдігінің қаржы басқармасы басшысының 2022 жылғы 31 наурыздағы №152 бұйрығына сәйкес жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері туралы талдамалық анықтама келесі құрамдағы жұмыс тобымен жасалды:

1. С.Асатов – басқарма басшысының орынбасары;
2. А.Абдикапаров - коммуналдық мүлікті пайдаланудың тиімділігін жүргізу бөлімінің басшысы;
3. Т.Сайлыбаева – есеп-қисап, оғырландыру, құжат айналымы және ұйымдастыру жұмыстары бөлімінің басшысы;
4. А.Тасқынова – даму бюджетіне мониторинг жүргізу бөлімінің басшысы;
5. Г.Алимжанов – бюджеттің атқарылуына жиынтық талдау жүргізу бөлімінің басшысы;
6. Э.Сапаралиева – мемлекеттік органдардың бюджеттік бағдарламаларына мониторинг жүргізу бөлімінің басшысы;
7. М. Сейтбеков – коммуналдық ұйымдардың қызметіне мониторинг жүргізу бөлімінің басшысы;
8. С.Телемисова – мемлекеттік органдардың бюджеттік бағдарламаларына мониторинг жүргізу бөлімінің бас маманы;
9. А.Алимбаева – есеп-қисап, оғырландыру, құжат айналымы және ұйымдастыру жұмыстары бөлімінің кадр ісі жөніндегі инспекторы.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мерзімі Жамбыл облысы әкімі аппараты басшысының міндетін атқарушы С.Құрманбековтың бекіткен іс-шаралар кестесіне сәйкес 2022 жылдың 30 тамызына дейін.

1. Басқарманың қызметін қозғайтын нормативтік-құқықтық актілеріндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың жұмыс тобы басқарма өзінің қызметінде кодекстерді, заңдарды, нормативтік-құқықтық актілерді басшылыққа алып қарастырады.

Басқарма өз қызметін орындауда және өз өкілеттіктерін жүзеге асыруда мынадай қолданыстағы негізгі заңнамалық актілерді негізге алады:

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясы;

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы «Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі» №414 Кодексі;

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі» №95-IV Кодексі;

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы «Мемлекеттік қызмет туралы» №416 Заңы;

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» №410 Заңы;

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» №221 Заңы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» №148 Заңы;

Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы «Әкімшілік рәсімдер туралы» №107 Заңы;

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы «Нормативтік – құқықтық актілер туралы» №213 Заңы;

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі (Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидалары).

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы » № 413 Заңы;

Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415 Заңы;

Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» 1998 жылғы 22 сәуірдегі № 220 Заңы және т.б.;

«Жамбыл облысы әкімдігінің қаржы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2011 жылғы 19 қыркүйекте тіркелген Ережесі.

Ережеге сәйкес, Басқарма миссиясы –облыстық бюджеттің атқарылуын және облыстық коммуналдық меншіктегі мүліктерді тиімді басқарылуын қамтамасыз ету болып табылады.

Басқарманың міндеттері:

1) бюджетті атқару саласындағы функцияларды жүзеге асыру, бухгалтерлік есеп, бюджеттік есеп және жергілікті бюджеттің атқарылуы бойынша есептілікті жүргізу;

2) облыстық коммуналдық меншікті басқаруды және жекешелендіруді ұйымдастырады, оны қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асырады.

Мемлекеттік органның Ережесін қарастыру барысында Басқарманың қызметіне және оған байланысты нормативтік құқықтық актілерге (Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңдарына қатысты қызметіне талдау жасалынды.

2. Ішкі құжаттардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

2021 жылдың II жарты жылдығында ішкі құжаттардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бойынша:

Басқармада бұйрықтар жеке құрам, штаттан тыс қызмешілердің бұйрықтары және өндірістік болып бөлінеді. 2021 жылдың II жарты жылдығында жеке құрам бойынша – 44, штаттан тыс қызметшілер – 39, өндірістік қызмет бойынша – 232 бұйрық тіркелген. Жеке құрам бойынша бұйрықтар е-қызмет ақпараттық жүйесінде дайындалады. 2021 жылдың II жарты жылдығында бұйрықтардың сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

2022 жылдың I жарты жылдығында ішкі құжаттардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бойынша:

Басқармада 2022 жылдың I жарты жылдығында жеке құрам бойынша – 46, штаттан тыс қызмет бойынша – 38, өндірістік қызмет бойынша – 256 бұйрық тіркелген. 2022 жылдың I жарты жылдығында бұйрықтардың сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

3. Персоналды басқарумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдері.

Басқармада 2021 жылдың II жарты жылдығында кадрлардың ауысуы бойынша:

Басқармада мемлекеттік әкімшілік қызметкерлердің жалпы штат саны - 26. Келісім шарт бойынша жалпы штат саны – 36, бос орындар – 1.

Басқарманың басшысы Исаева Роза Абдыровна өз еркімен жұмыстан босатылды. Қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қатысты тұлғаларға мемлекеттік қызметте тыйым салатын қатаң заңнамалық талаптың сақталуы бойынша Басқарма қызметкерлерінің жеке істеріне тексеру жүргізіліп (оның ішінде ҚР БП жанындағы ҚСЖАЕК «Арнайы есепке алу» АЖ арқылы), ешқандай бұзушылық деректер анықталған жоқ.

Бұқаралық ақпарат құралдарында басқарма қызметкерлеріне қатысты жағымсыз ақпарат орналастырылған жоқ.

Кадрлардың ауысуы бойынша сыбайлас жемқорлық көріністері орын алмаған.

Басқармада 2022 жылдың I жарты жылдығында кадрлардың ауысуы бойынша:

Басқармада мемлекеттік әкімшілік қызметкерлердің жалпы штат саны - 22. Келісім шарт бойынша жалпы штат саны – 36, бос орындар – 2. Жамбыл облысы әкімінің 2021 жылғы 24 желтоқсандағы №330-ө Өкімінің негізінде, басқармадан 4 штат қысқарды. Қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қатысты тұлғаларға мемлекеттік қызметте тыйым салатын қатаң заңнамалық талаптың сақталуы бойынша Басқарма қызметкерлерінің жеке істеріне тексеру жүргізіліп (оның ішінде ҚР БП жанындағы ҚСЖАЕК «Арнайы есепке алу» АЖ арқылы), ешқандай бұзушылық деректер анықталған жоқ.

Бұқаралық ақпарат құралдарында басқарма қызметкерлеріне қатысты жағымсыз ақпарат орналастырылған жоқ.

Кадрлардың ауысуы бойынша сыбайлас жемқорлық көріністері орын алмаған. Ағымдағы жылдың наурыз айында жаңа редакциядағы Әдеп кодексінің талаптары, облыс әкімі аппаратының Әдеп жөніндегі уәкілі тарапынан, Басқарма қызметкерлеріне түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

4. Мүдделер қақтығысын реттеу бойынша:

Мүдделер қақтығысын реттеу бойынша:

ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 15 бабына сәйкес, жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдарға, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдарға, лауазымды адамдарға егер мүдделер қақтығысы орын алған болса, лауазымдық міндеттерін жүзеге асыруға тыйым салынатындығы көрсетілген.

Жоғарыда аталған адамдар тікелей басшысына не өздері жұмыс істейтін ұйымның басшылығына туындаған мүдделер қақтығысы туралы немесе оның туындау мүмкіндігі туралы, өздеріне бұл жөнінде мәлім болысымен жазбаша нысанда хабарлауға міндетті.

Мекеменің тікелей басшысы не ұйымның басшылығы жоғарыда аталған адамдардың өтініштері бойынша немесе басқа да көздерден ақпарат алған кезде мүдделер қақтығысын болғызбау және реттеу бойынша мынадай шараларды қабылдау қажет:

- жоғарыда аталған адамдарды лауазымдық міндеттерін орындаудан шеттеуге және мүдделер қақтығысы туындаған немесе туындауы мүмкін мәселе бойынша лауазымдық міндеттерді орындауды басқа адамға тапсыруға;
- лауазымдық міндеттерін өзгертуге;
- мүдделер қақтығысын жою бойынша өзгеде шаралар қабылдауға міндетті;

Басқарма қызметіне зиян келтіруі мүмкін мүдделер қақтығысы анықталмады. Басқармада ерлі-зайыптылар мен жақын туысқандар ортақ бірге жұмыс атқару жағдайлары анықталмады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша:

Басқарма мемлекеттік қызметтер көрсетпейді.

6. Рұқсат беру функцияларын іске асыру бойынша:

Басқарманың Ережесінде көрсетілген функционалдық міндеттеріне сәйкес рұқсат беру құзыреті жоқ.

7. Бақылау функцияларын жүзеге асыру бойынша:

Басқармада бақылау функциялары жоқ:

8. Басқарманың ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзгеде мәселелер:

Мемлекеттік сатып алулар бойынша:

- мемлекеттік сатып алуларды автоматтандыру деңгейі артуда, бұл бәсекеге қабілетті органның қалыптасуына, бюджет қаражатының ашық және тиімді игерілуіне ықпал етеді.

- 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап Мемлекеттік сатып алу заңнамасына сәйкес, барлық мемлекеттік сатып алулар электрондық форматта яғни веб-порталы арқылы жүзеге асырылады, осылайша «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының қағидаттарының бірі «жариялылық пен ашықтық сақталады».

- Жамбыл облысы әкімдігінің қаржы басқармасының 2021 жылғы мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспары басқарма басшысының 28.12.2020 жылғы № 353 бұйрығымен бекітілген;

- 2021 жылдың 5 қаңтарынан осы 31 желтоқсанға дейін мемлекеттік сатып алу порталы арқылы 139 келісім шарт жасалған, 44 бағалы ұсыныныстарға сұраным тәсілімен мемлекеттік сатып алу өткізілген, 3 ашық конкурс, 3 біліктілікті алдын ала іріктеумен жүргізілетін конкурс өткізілген мемлекеттік сатып алу бойынша және 94 бір көзден сатып алу жүргізілді;

- Жамбыл облысы әкімдігінің қаржы басқармасының 2022 жылғы мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспары Басқарма басшысының 24.12.2021 жылғы № 405 бұйрығымен бекітілген;

- 2022 жылдың 1 қаңтардан осы күнге дейін мемлекеттік сатып алу порталы арқылы 83 келісім шарт жасалған, 50 бағалы ұсыныныстарға сұраным тәсілімен мемлекеттік сатып алу өткізілген, 13 ашық конкурс, 5 біліктілікті алдын ала іріктеумен жүргізілетін конкурс өткізілген мемлекеттік сатып алу бойынша, 11 өткізілмеген сатып алу бойынша бір көзден сатып алу және 21 (Мемлекеттік басқару Академиясы "РМҚК"Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы, Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ және тағы басқалар) тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен сатып алу жүргізілуде;

- Аталған жұмыста мемлекеттік сатып алу порталы арқылы жүзеге асырылды.

Басқармаға келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша:

Басқармаға 2021 жылдың II жартыжылдығында жалпы жеке және заңды тұлғалардан барлығы 54 жолданым келіп түсті. оның ішінде жеке тұлғалардан – 26, заңды тұлғалардан - 28.

Басқармаға 2022 жылдың I жартыжылдығында жалпы жеке және заңды тұлғалардан барлығы 59 өтініштер келіп түсті, оның ішінде жеке тұлғалардан – 30, заңды тұлғалардан - 29.

Өтініштердің басым бөлігі қате аударылған қаражаттар, қаржылай көмек беру; жалға беру бойынша келіп түскен. Олардың барлығына ҚР «Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі» Заңнамасына сәйкес жауап берілді.

Басқарманың сенім телефонына және арыз-шағымдарға арналған жәшіктерге өтініштер келіп түспеген.

Сонымен қатар, Басқарма қызметкерлері ҚР «Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі» Заңнамасы, «ҚР мемлекеттік қызмет туралы», ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңдары талаптарының сақталуын қадағалау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын әрекеттерді, құқық бұзушылықтарды болдырмау мақсатында заңнама талаптарына сәйкес, құқықтық оқыту жұмыстарын ұйымдастыруды және «Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы» аясында тиісті жұмыстар жүргізуде.

Есепті кезеңде басқарманың мемлекеттік қызметшілері тарапынан сыбайлас жемқорлық сипаттағы, мемлекеттік қызметке кір келтіретін құқық бұзушылық фактілері орын алмаған.

9. Қаржы-шаруашылық қызметімен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджеттік кодексі, ҚР Қаржы министрінің 4.12.2014 жылғы №540 бұйрығымен бекітілген Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесіне және басқа да заңнамалық актілерге, сонымен қатар, Басқарма туралы Ережеге және осы Ережеге сәйкес жергілікті деңгейде есептілік саясатты жүзеге асыру, ҚСХҚЕС сәйкес қаржылық есептің және есептіліктің қалыптастырылуын қадағалау, бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мен бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдардың шоғырландырылған қаржылық есептілікті қабылдау, жинақтау, қорытындылау, ұсыну, басқарманың құжат айналымын жүргізу және ұйымдастыру мәселелерін жүзеге асыру. Атап өткен қызметтер мен есептерді ұсыну барысында сыбайлас жемқорлық фактілері орын алмаған.

10. Жасырын мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді анықтау.

Басқарма мемлекеттік қызмет көрсетпейді.

Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері:


1. Мекеменің тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу жоспарына сәйкес жекелеген жағдайларда сатып алуларды бір көзден сатып алу тәсілімен жүргізуі мүмкін.

Алайда, аталған тәсілмен сатып алулар жүргізу барысында әлеуетті жеткізушіні, мердігерді таңдау барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туындауы мүмкін.


Шешу жолы: тауарлады, жұмыстарды, қызметтерді бір көзден сатып алу санын барынша азайту және аталған тәсілді қолданған кезде кем дегенде 3 әлеуетті жеткізушіден баға ұсыныстарын алу.

Жұмыс тобының құрамы:


Асатов Сәкен Увашевич –
басқарма басшысының орынбасары,
жұмыс тобының төрағасы;




Абдикапаров Ануарбек Затыбекович –
коммуналдық мүлікті пайдаланудың
тиімділігін жүргізу бөлімінің басшысы;




Сайлыбаева Толкын Сатиевна –
есеп-қисап, оғырландыру, құжат
айналымы және ұйымдастыру
жұмыстары бөлімінің басшысы;




Таскынова Айнур Жаксымбетовна –
даму бюджетіне мониторинг
жүргізу бөлімінің басшысы;




Алимжанов Галымжан Алимжанович –
бюджеттің атқарылуына жиынтық
талдау жүргізу бөлімінің басшысы;




Сапаралиева Эльмира Жумабековна –
мемлекеттік органдардың бюджеттік
бағдарламаларына мониторинг
жүргізу бөлімінің басшысы;



Сейтбеков Максат Рысбекович –
коммуналдық ұйымдардың қызметіне
мониторинг жүргізу бөлімінің басшысы;



Телемисова Сауле Сарсембаевна –
мемлекеттік органдардың бюджеттік
бағдарламаларына мониторинг
жүргізу бөлімінің бас маманы;



Алимбаева Айнур Нурлановна –
есеп-қисап, оғырландыру, құжат
айналымы және ұйымдастыру
жұмыстары бөлімінің кадр ісі
жөніндегі инспекторы.

